

Н. Жанхан, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Автор діни экстремизм туралы түсінік, оның факторларының көріну нысандарын ашуда ұсынады, экстремизмнің алдын алу жолдарын көрсетеді. Мақаланың мазмұны мемлекет пен діни ұйымдардың қарым-қатынас үлгісіне арналады.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстылық, экстремизм, радикализм, діни экстремизм, терроризм, фундаментализм, қоғам, қоғамдастық, мемлекет, кәмелетке толмағандар, құқықтық тәртіп, қылмыстық жауапкершілік, идеология, алдын алу.

Экстремизм үшінші мыңжылдықтың басында әлемдік саясатқа іріткі салған кешенді және қозғаушы күшке айналды. Лаңкестік актілердің салдарынан жараланған және мертлікке немесе қаза болған құрбандар саны мен экстремистердің әрекетінен материалдық зиян шегу уақыт өткен сайын арту үстінде. Жер шарының белгілі бір бөлігі үшін экстремизм өмірдің, дүние танымның және ерекше қызметтің (ниет пен идеологиялық негізді қосқанда) әдісіне, сондай-ақ өзінің қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыру құралына (лаңкестік акті жасағаны үшін сыйақы алуды қоса) айналды¹.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, діни экстремизммен тиімді күрес жүргізу, тек мемлекеттік билік органдарының, бизнес және қоғамдық ұйымдардың тығыз өзара әрекеттестігі арқылы ғана мүмкін екендігін куәландырады.

Бүгінгі таңда, біз экстремизм, радикализм, діни экстремизм, терроризм және фундаментализм жөнінде және оның салдарын жиі естіп, көретін болдық.

Мұндағы экстремизм терминінің қазақ тіліндегі мағынасы: экстремизм (фр. *extremisme*, лат. *extremus*) — («шеттеу») яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді — жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген көзқарасынан пайда болады. Яғни, тек менің ғана пікірім болуы керек деген сияқты. Бұл ең алғашқы кезеңдері болып саналады. Экстремизмнің тағы бір көрінісі басқа біреуді көре алмау, түсінбеу немесе түсінгісі келмейтін адамдардан шығады. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды. Міне, осының салдарынан әлемде түрлі төңкерістер мен қантөгістер орын алуда².

Осындай теріс көзқарастағы адамдардың ортасына түсетіндер, ең алдымен жастар. Сондықтан мемлекет және қоғамдық ұйымдар діни экстремизм және терроризмге қарсы әрекет ету жұмыстарын жүргізуді, жастарымыздың адасуына жол бермеу бағытында жұмыстарды атқарудан бастаулары керек сияқты.

Өскелең ұрпақты рухани тәрбиелеу — бұл бүгінгі күні біздің қоғамның дамуына септігін тигізетін өзекті мәселелердің бірі. Жастар, халықтың қоғамдық белсенді қабатының бірі ретінде келешек үшін маңызды әлеуеттік салмаққа ие. Барынша талап қоюшылық пен белсенділік діни аспектілерді дұрыс талқыламау жолына тез түсуге жол ашады. Әлемде этно-діни қарама-қайшылықтардың өсу қарқыны кездеседі, онымен бірге Қазақстанға әртүрлі этно-діни экстремизм және радикализмнің қарсы нысандарының жоғары әлеуетті кірігу қауіптілігі байқалады.

Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмнің алдын алудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бір кездері бүркенші діни ұйымдардың санының күрт өсу мәселесіне өткір назар аударды: «Олар жалпы барлық елде бар және қазіргі кезде әлемде орын алған қиындықтармен тіршілік етеді. Олардың көпшілігі қоғамға жат қылықтарымен азаматтық өмірдің құрылысын қопарады. Біз осы тектес ұйымдарға қарсы тұрып, олардың қызметін тоқтатып, азаматтарымызды, әсіресе, жастарды кез келген жағымсыз әсерден қорғаштауымыз қажет»³...

Жастармен ең басты алдын алу жұмыстарын жүргізу ретінде, бірінші кезекте, отбасымен тікелей байланысты психологтардың, педагогтардың, құзыретті органдардың және т. б. мүдделі адамдардың осы бағыттағы тиімді жұмысы болуы керек. Сондай-ақ мектептерде, жоғары оқу орындарында және т. б. орындарда әңгіме, насихат, кеңес түрінде ақпараттық-түсіндірме жұмыстары ұдайы жүргізілуі қажет.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жасау қоғамға іріткі салатын ұйымдарға жастардың түсіп кетуін ескерту бойынша алдын алу жұмыстарының жетекші бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағытта жасалатын жұмыстарға телефондық «Сенім қызметі» елеулі рөл атқарады. Мамандар телефон бойынша консультациялық көмек көрсетуі қажет⁴.

Дәстүрлі исламның бірқатар доктринасын зерделей отырып, біз оның бірінші деңгейі ретінде білім алуы екендігін айтамыз. Ең бастысы — бұл адам тұлғасын дұрыс рухани қалыптастыру. Өзіне білім нәрін сіңірген адам, біртіндеп өмір жағдайларын тепе-тең бағалауға және жақсы мен жаманды айыра білуге қабілетті мықты тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Жасөспірімнің ішкі дүниесі күрделі, кейде қарама-қайшылықпен сипатталады, себебі оның сана-сезімі қалыптасу үрдісінде болады. Осы сәтті экстремистік сипаттағы дәстүрлі емес діни ағымдардың өкілдері пайдаланып қалуға тырысады.

Діни негіздегі экстремизммен мемлекет және қоғам болып күресу қажет. Онымен күрес жүргізу жолдары әртүрлі болуы мүмкін. Мемлекет ең алдымен, экстремизмнің пайда болуына септігін тигізетін әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларын жойып және экстремистердің заңға қайшы қызметін тоқтату керек, ал қоғам өз тарапынан қоғамдық және діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының және т. б. көмегімен экстремистік идеяларға ізгілік идеясын және төзімділік қағидасын, азаматтық бейбітшілік пен келісімді қарсы қою арқылы діни экстремизмге қарсы әрекет етуі керек.

Діни-саяси экстремизм мен терроризмнің идеологиясын жеңудің және алдын алудың ең тиімді жолдарына келесідей шараларды іске асыруды ұсынуға болады:

– мемлекеттік билік органдары мемлекеттік органдар мен діни ұйымдар арасында барлық бағыттар бойынша ынтымақтастық өзара әрекеттестікті кеңейту қажет, бұл бағытта ең алдымен діни-саяси экстремизм және терроризм көріністеріне қарсы күрес жүргізуді, қылмыстылықпен күрес жүргізуді, қоғамның рухани және адамгершілік тұрғысынан тазаруына, қалпына келуіне белсенділікті арттыруымыз қажет;

– билік органдары халықтың ұлттық және діни рухта шыдамдылыққа, діни-саяси экстремизмнің және терроризмнің идеологиясын қабылдамауға тәрбиелеу жұмыстарына көп көңіл бөліп, осы бағыттағы жұмыстарды бір сәтке де тоқтатпауымыз керек;

– діни-саяси экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет ету стратегиясындағы басты тірек аймақтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын жақсартуға бағытталуы тиіс, себебі, бұл әлеуметтік-саяси дау-жанжалдарды реттеп отыруға септігін тигізеді және діни-саяси экстремистер мен террористердің әлеуметтік базасын айтарлықтай тарылтады⁵;

– бір мезгілде экстремистер мен террористерді шетелден және жергілікті қаржыландыру жолдарын жабу бойынша табанды шаралар қабылдау қажет;

Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмнің алдын алудың кейбір мәселелері

– қылмыстық көрініс ретінде терроризмнің жолын кесу бағытында құқықтық базаны жетілдіру, арнайы қызметтің жұмыстарын нығайту және жетілдіру бойынша шараларды жүргізу керек, сондай-ақ идеологиялық жұмыстар бойынша белсенділікті арттыруымыз қажет;

– Қазақстан Республикасының этноконфессиялық саясатының халықаралық аспектілерін нығайту, сепаратизмнен, терроризмнен бастау алатын әртүрлі исламның экстремистік ағымдарының таралуына жол бермейтін батыл шараларды қабылдауымыз керек;

– Уақытылы және білікті түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жүйені ретке келтіруге ерекше назар аудару қажет. Себебі, объективті, уақытылы және теңгерімді ақпарат беру түрлі деңгейдегі қауесеттердің орын алуына және басқа да арандатушылыққа жол бермеуге мүмкіндік береді;

– діни-саяси экстремизммен және терроризммен күрес жүргізу бойынша мемлекеттік және қоғамдық институттармен қабылданып жатқан шаралардың өткір мәселелер ретінде қарастырылмауы және адамгершілікке жатпайтын лаңкестік әрекеттердің жалғасуына байланысты, діни-саяси экстремизмге және терроризмге қарсы әрекет етуде реттеуші және тыйым салушы ғана емес, сонымен бірге алдын алушылық сипатындағы шараларды ескеретін кешенді көзқарас талап етіледі.

Сондықтан, діни экстремизм сияқты қауіп-қатерге төтеп беріп, тиімді қарсы тұрудың ең басты шарты: ол қоғам мен биліктің өзара келісімі, ұлттық бірлігі. Осы зұлымдықпен ондаған жылдар бойы күресіп келе жатқан басқа елдердің тәжірибесін зерттеп қарасақ, бірден байқайтынымыз – бірлігін шайқалтып, бірнеше себептермен іштей бөлініп, жіктеліп отырған қоғам, ел, мемлекет ғана осы қауіптің құрбанына айналуы ықтимал. Қазіргі заманның сынақтары мен қатерлеріне қарсы тұру үшін – ең алдымен, қоғамның жіктелуіне, бөлінуіне жол бермеу керек.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются тенденции развития религиозного экстремизма в Республике Казахстан, а также некоторые аспекты профилактики и предупреждения преступности, связанной с терроризмом и религиозным экстремизмом, среди несовершеннолетних.

RESUME

In article the tendency of religious extremism in the Republic of Kazakhstan, and also some aspects of prevention and the crime prevention, connected with terrorism and religious extremism among minors is considered.

-
- ¹ Соколова А. А., Бабошина Е. В. Современные проблемы противодействия экстремистской деятельности в сфере конфессиональных отношений // IV Международная студенческая электронная научная конференция: Сб. — Кизляр, 2012.
- ² Саяси түсіндірме сөздік. — Алматы, 2007.
- ³ <http://www.hse.ru/data/2011/12/14/1258935300/>
- ⁴ Украинская В. Н., Артемьева В. А. Решение некоторых проблем в духовной сфере при новых рыночных условиях // Религия и право: Информац. бюлл. ҚДР МЮ. — 2009. — № 2 (10).
- ⁵ Устинов В. Экстремизм и терроризм. Проблемы разграничения и классификации // Российская юстиция. — 2002 — № 5.